

KASE АПТАЛЫҒЫ

03-14 шілде
2023

KASE ЖАҒАЛЫҚТАРЫ

- KASE биржалық нарықтың 2023 жылдың II тоқсаны мен бірінші жартыжылдығындағы жұмыс қорытындысын [шығарды](#).
 - KASE 2023 жылдың 03 тамызынан бастап KASE Индексін есептеу үшін өкілдік тізімді [анықтады](#).
 - Маркет-мейкерлер қызметінің [ережелеріне](#) түзетулер енгізілді.
 - KASE ресми тізіміне Қызылорда облысы әкімдігінің [KZMJ00001576](#) (KOK024_157), Жамбыл облысы әкімдігінің [KZMJ00001550](#) (DZK008_155), "Вивус" МҚҰ" ЖШС [KZ2P00009814](#) (MFVSp1), "ҚазАгроҚаржы" АҚ [KZ2C00009843](#) (KAFIb13) және [KZ2C00009850](#) (KAFIb14) облигациялары, АҚШ Қаржы министрлігінің [US91282CBA80](#) (US_71_2312) и [US912810TL26](#) (US_72_5211) халықаралық облигациялары енгізілді.
 - Айналыс мерзімінің аяқталуына байланысты KASE ресми тізімінен АҚШ Қаржы министрлігінің [US912797FR31](#) (US_67_2307) халықаралық облигациялары алынып тасталды.
 - "МФО ОнлайнКазФинанс" АҚ облигациялары "облигациялар" және "коммерциялық облигациялар" санаттарынан KASE ресми тізімінің негізгі алаңының тиісті санаттарына [ауыстырылды](#).
 - KASE-де "Bank RBK" Банкі АҚ [KZ2C00009827](#) (INBNb13) және "ҚазАгроҚаржы" АҚ [KZ2C00009843](#) (KAFIb13) облигацияларымен сауда-саттық ашылды.
 - KASE-де 2023 жылдың тамызында және 2024 жылдың маусымында фьючерстермен сауда-саттық [ашылды](#).
 - "NGDEM Finance" АҚ-на KASE Индексі фьючерстері бойынша KASE маркет-мейкер мәртебесі [берілді](#).
 - "Fincraft" инвестициялық үйі" АҚ мүшеліктен өз еркімен бас тартуына байланысты KASE мүшелігінен [шығарылды](#).
- "UHY SAPA Consulting" ЖШС, "Аудит-Мечта" ЖШС, "Nexia Kz" ЖШС және "Ар-аудит" ЖШС KASE мойындайтын аудиторлық ұйымдар тізбесінен [алынып тасталды](#).

ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҒАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- Қазақстан Қаржы министрлігі KASE-де 28,9 млн MEYKAM-72 174-ші шығарылымын ([KZKD00001210](#), MUM072_0014), 36,3 млн MEYKAM-180 алтыншы шығарылымын ([KZKD00000535](#), MUM180_0006), 43,1 млн MEYKAM-180 13-ші шығарылымын ([KZKD00000931](#), MUM180_0013), 31,5 млн MEYKAM-180 16-шы шығарылымын ([KZKD00001194](#), MUM180_0016), 353,6 млн MEKAM-12 155-ші шығарылымын ([KZK100000308](#), MKM012_0155), 30,5 млн MEYKAM-72 14-ші шығарылымын ([KZKD00001210](#), MUM072_0014), 48,6 млн MEYKAM-108 14-ші шығарылымын ([KZKD00001236](#), MUM108_0014), 49,2 млн MEYKAM-120 16-шы шығарылымын ([KZKD00000865](#), MUM120_0016), 19,2 млн MEYKAM-120 19-шы шығарылымын ([KZKD00001129](#), MUM120_0019) және 13,2 млн MEYKAM-168 бесінші шығарылымын ([KZKD00001111](#), MUM168_0005) орналастырды.
- Астана қаласының әкімдігі KASE-де KZZJ00000110 (ASK024_011) облигацияларын орналастыра отырып, 5,0 млрд теңге [тартты](#).
- Қызылорда облысының әкімдігі KASE-де KZMJ00001576 (KOK024_157) облигацияларын орналастыра отырып, 5,4 млрд теңге [тартты](#).
- "ҚазАгроҚаржы" АҚ KASE-де KZ2C00009843 (KAFIb13) облигацияларын жылдық 19,25 % -бен орналастыра отырып, 8,2 млрд теңге [тартты](#).
- "Қазақстанның орнықтылық қоры" АҚ KASE-де [KZ2C00009371](#) (KFUSb50) и [KZ2C00009470](#) (KFUSb55) облигацияларын орналастырып, 9,9 млрд теңге [тартты](#).
- "RG Brands Kazakhstan" ЖШС KASE-де 717,8 млн теңгеге KZ2P00007727 (RGBKb1) 635 400 өз облигацияларын [кері сатып алды](#).
- "ОнлайнКазФинанс МҚҰ" АҚ 2022 жылы артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер [төледі](#).
- "RETAM" АИЖМҚ" АҚ артықшылықты акциялар бойынша 2023 жылдың сәуір-маусым айлары үшін дивидендтер [төледі](#).
- "Фридом Финанс" АҚ "Fixed Income USD" ИПИК KZPF00000082 (FFIN_or) пай ұстаушыларына дивидендтер төленгені туралы [хабарлады](#).
- "ҚазТрансОйл" АҚ 2023 жылдың екінші тоқсанында Қазақстан арқылы Өзбекстанға транзиттеу мақсатында 37,9 мың тонна ресей мұнайын [жөнелтті](#) және Теңіз кен орнынан "Баку-Тбилиси-Джейхан" мұнай құбыры бағытындағы мұнай экспортының көлемін 347,1 мың тоннаға дейін [ұлғайтты](#).
- "KEGOC" АҚ реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтер мен тарифтік сметалардың өзгергені туралы [хабарлады](#).
- "Fincraft" инвестициялық үйі" АҚ брокерлік және дилерлік қызметті және инвестициялық портфельді басқару қызметін жүзеге асыруға лицензияның қолданылуын ерікті түрде тоқтату туралы [хабарлады](#).



14.07.2023		Трендтер (%)	
KASE Индексі	3 618,91	0,4	2,4
Өтімділіктің бірінші сыныбы	Бағасы	Δ 7к	Δ 1а
		ТРЕНДЫ	
Tesla, Inc.	267,00	11,2	10,8
PayPal Holdings Inc.	72,20	9,2	13,1
АО Kaspi.kz	39 600,00	5,8	7,0
Advanced Micro Devices, Inc.	116,00	4,5	- 12,6
АО "БАСТ"	7 790,00	3,5	- 2,4
АО "Казателеком"	31 500,00	2,2	2,7
Bank of America Corporation	29,99	2,0	20,0
АО "Народный банк Казахстана"	166,32	1,0	10,6
АО "Кселл"	1 898,99	0,1	0,5
Pfizer Inc.	36,36	- 0,1	- 9,1
АО "Банк ЦентрКредит"	575,00	- 0,3	3,0
АО "КЕГОС"	1 567,76	- 0,6	- 0,8
АО "НК "КазМунайГаз"	9 953,01	- 1,2	- 0,2
Ford Motor Company	14,31	- 1,2	2,7
АО "Банк ЦентрКредит"	682,53	- 1,4	1,1
АО "KM GOLD"	127,00	- 1,6	- 12,6
АО "ForteBank"	3,80	- 1,8	- 3,3
АО "НАК "Казатомпром"	12 780,00	- 2,1	- 1,9
Intel Corporation	33,81	- 3,5	2,6
Apple Inc.	187,74	- 3,7	2,0
АО "КазТрансОйл"	786,51	- 4,0	- 6,4
AT&T Inc.	15,09	- 7,0	- 5,7
Freedom Holding Corp.	82,00	- 8,9	2,5

Анықтама: жасыл түспен индекстік акциялар белгіленген

KASE Индексінің акциялары



Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі



Қазақстанда 12 шілдеде Үкімет отырысында еліміздің 2023 жылдың бірінші жартыжылдығындағы әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындылары шығарылды. Алты айдағы ЖІӨ өсімі 5 % -ды құрады, бұл ретте құрылыс, сауда, ақпарат және байланыс үлкен үлес қосты. Инвестиция көлемі 13 % -ға өсті, сауда теңгерімінің профициті 7,4 млрд, АҚШ долларына дейін өсті. Жартыжылдықтың қорытындысы бойынша жылдық инфляция ең жоғарғы 21,3 % мәннен 14,6 %-ға дейін төмендеді, бұл ретте ҚРҰБ базалық мөлшерлемесін жылдық 16,75 % деңгейінде қалдырды.

Осы күні Қазақстан қор биржасы бірінші жартыжылдықтағы жұмысын қорытындылады. KASE-дегі сауда-саттықтың жиынтық көлемі алғашқы алты айда 157,7 трлн теңгеге жетті, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 15,2 %-ға жоғары. Қор нарығында сауда-саттық көлемі 77,8 %-ға, негізінен корпоративтік бизнес, микроқаржы ұйымдары, халықаралық қаржы ұйымдары және мемлекеттік органдар тарапынан борыштық капитал нарығындағы белсенділіктің айтарлықтай өсуі есебінен өсті. Жергілікті акциялар нарығында сауда-саттық көлемі өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі мәннен 2,7 есе асып түсті, бұл ретте KASE индексі 10,9 %-ға өсіп, іс жүзінде 2022 жылдың басындағы деңгейге дейін қалпына келді. Валюта және ақша нарықтарында өткен жылы пайда болған оң трендтер сақталып, жартыжылдық қорытындысы бойынша өсім 49,6 % және 11,1 % құрады.

Шілденің басынан бастап акциялардың жергілікті нарығында жазғы пост-дивидендік тыныштық басталды. KASE индексі 3600 тармақ биіктігінде орнығып қалды және соңғы екі апта ішінде осы жергілікті максимумда саудаланды. Екінші жартыжылдықта жасыл аймақта қаржы компанияларының акциялары ашылды: Kaspi.kz, Халық және БЦК ай басынан бері тиісінше 2,1 %, 1,4 %, 0,8 %-ға өсті. Kaspi.kz тобы 24 шілдеде жартыжылдық нәтижелерді жариялады. Сонымен қатар, Самұрық-Қазына тобы компанияларының акцияларының бағасы шілде айының басынан бері төмендеді. Компания Атырау және Маңғыстау облыстарындағы мұнай айдау станцияларының жұмысын бірнеше күнге тоқтатуға мәжбүр болғандықтан, ҚазТрансойл акцияларында ең айтарлықтай 4,1 %-ға төмендеу тіркелді. МАЭК-ғы апат сондай-ақ ҚазМунайГаздың акциялар бағасының айдың басынан бастап 0,9 %-ға төмендеуіне әсер етті, үшінші аптада мұнай бағасының бір баррель үшін 80 доллардан жоғары деңгейге дейін өсуі есебінен күшті құлдырау өтелді. Компания 1 шілдеден бастап ағымдағы жылдың соңына дейін тарифтердің 38 %-ға көтерілуін мақұлдағанына қарамастан, КЕГОС жай акцияларының бағасы 0,4 %-ға төмендеді. Тізілімді тіркеу күні жабылған жағдайда Қазатомнеркәсіп акциясының бағасы 2,1 %-ға төмендеді.


Қарыздық капитал нарығында Қаржы министрлігі шілде айының басынан бастап 10 шығарылым аясында жылдық 5,5-тен 15,3 %-ға дейінгі купондық мөлшерлеменен бір жылдан 14 жылға дейінгі мерзімге 318,2 млрд теңге тартты. Жергілікті атқарушы органдардан шілде айында Қызылорда облысының әкімдігі мен Астана қаласының әкімдігі жылдық 0,35 %-бен екі жыл мерзімге орналастырды. Корпоративтік эмитенттерден Қазақроқаржы жылдық 19,25 % купондық мөлшерлеменен 8,2 млрд теңгеге 7 жылдық облигацияларды орналастырса, Қазақстанның орнықтылық қоры TONIA+3 % құбылмалы мөлшерлеменен 3 жылға 5 млрд теңге тартты. Сондай-ақ, мемлекеттік бағалы қағаздар тізіміне АҚШ Қаржы министрлігінің тиісінше 0,12 % және 4 % купондық мөлшерлеменен 3 жылға және 30 жылға облигациялары енгізілді. Купондар айдың басынан бастап ОнлайнКазФинанс, АрнурКредит, R-finance, Технолизинг, Каспий Банк, Банк Центр Кредит, Астана Газ ҚМГ микроқаржы ұйымдарының 10 облигацияларының шығарылымы шеңберінде төленді. Жоғарыда көрсетілген облигациялар бойынша купондық кірістілік жылдық 10 %-дан 25 %-ға дейін құрайды.



KASE ақша нарығында TONIA бір күндік репо тарту мөлшерлемесі базалық мөлшерлеме дәлізінің жоғарғы шекарасынан жылдық 17,57-ден 16,20 %-ға дейін төмендеді. Бір күндік валюта свопы операцияларының АҚШ долларымен кірістілігі "үлкен салық аптасының" аяқталуына байланысты қысқа мерзімді теңге өтімділігінің қалпына келуіне байланысты жылдық 16,91-ден 14,16 %-ға дейін азайды.


Инфляция және пайыздық мөлшерлеме

Инфляция, 12М MM Index Базалық мөлшерлеме Repo-1д Свop-1Д




ҚР ҰБ ноталарын орналастырудың негізгі параметрлері

Апталық орналастыру (←) Айлық орналастыру (←) Үш айлық орналастыру (←)
 Жарты жылдық орналастыру (←) Жылдық орналастыру (←) Айлық кірістілігі (→)
 Апталық кірістілігі (→) Үш айлық кірістілігі (→) Жарты жылдық кірістілігі (→)
 Жылдық кірістілігі (→)



Тәуекелсіз қысққ кірістілігі

14.07.2023 (KZT Yield) 30.12.2022 31.12.2021





Маусым айының қорытындысы бойынша теңгенің бір доллар үшін 452,26 теңге деңгейіне дейін немесе 1 %-ға шамалы әлсіреуі байқалды.

Ұлттық қордан валютаны сату бойынша операциялар, сондай-ақ валютаны сатып алу бойынша операциялар көлемі маусым айында БЖЗҚ валюталық үлесін қолдау үшін біздің болжамдарымызға сәйкес келді және тиісінше 550 және 240 млн АҚШ долларын құрады.

Квзимемлекеттік сектор компаниялары өткен айдың ішінде 288 млн АҚШ долларын сатқан. Сондай-ақ Үкімет қаулысына сәйкес ағымдағы жылдың шілдесінен бастап валюталық түсімді міндетті түрде сату үлесі 50 %-дан 30 %-ға дейін төмендегенін атап өткіміз келеді.


Маусым айының соңында Ұлттық қордың валюталық активтерінің көлемі алдын ала деректерге сәйкес 59,8 млрд, АҚШ долларын құрап, өткен айда 600 млн. АҚШ доллары сомасына ұлғайды.

Өткен айда Ұлттық қордан республикалық бюджетке трансферттер түрінде 279 млрд теңге аударылды. Осы мақсатта ішкі валюта нарығында 550 млн АҚШ долларына шетел валютасы біркелкі сатылды.

Бұл ретте Ұлттық қордың шоттарына түсетін валюталық түсімдер маусым айында 310 млн. АҚШ долларын құрады.

Шетел валюталарының бағамы динамикасы


Δ %, база (01.01.23)



	Бағасы	Δ 7к, %	Δ 30к, %	Δ 2023, %
— GBPKZT	585,42	3,77	2,71	4,00
— USDKZT	446,48	0,59	-1,16	-4,16
— EURKZT	501,17	3,66	2,09	0,40
— CNYKZT	62,55	2,07	-1,29	-7,22
— RUBKZT	4,95	1,02	-8,04	-23,48

Brent мұнай құны

USD/баррель



Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.



Халықаралық индекстер

Атауы	Мәні	Тренд %			Фьючерс 7к
		7к	1а	1ж	
S&P 500	4 505,42	1,2	3,0	18,9	2,3
Dow Jones	34 509,03	0,3	1,6	12,7	2,2
PTC	1 014,62	3,2	-2,0	-8,9	3,0
MMBБ	2 285,53	0,0	0,0	0,0	3,0
Hang Seng	19 413,78	2,6	0,0	-6,4	5,9
SS CSI 300	3 899,10	1,5	0,9	-9,8	2,2
Euro Stoxx 50	4 400,11	0,0	0,6	29,5	3,9
FTSEuroFirst	4 936,00	-0,2	0,6	19,1	2,9
FTSE 100	7 434,57	-1,3	-2,2	5,6	2,6
KASE	3 618,91	0,4	2,4	35,1	

Шикізат нарығы

14.07.2023

Атауы	Бағасы	Тренд %		
		7к	1а	1ж
Мұнай (Brent)	79,87	6,6	9,1	-19,4
Мұнай (WTI)	75,42	6,8	10,5	-21,3
Табиғи газ	2,54	-9,3	8,4	-61,5
Мыс	392,20	4,8	1,3	22,2
Темір	879,00	-0,7	6,2	3,1
Алтын	1 955,21	1,9	0,0	14,6
Күміс	25,01	9,7	3,8	37,7
Астық	641,50	0,8	1,8	-19,2

Экономикалық уақиғалар күнтізбесі

	Валюта	Болжам	Алдыңғы
17.07 ЖІӨ (ж/ж) (2-тоқ.)	CNY	7,3	4,5
17.07 Өнеркәсіптік өндіріс көлемі (ж/ж) (маусым)	CNY	2,7	3,5
18.07 Бөлшек сату көлемі (а/а) (маусым)	USD	0,5	0,3
19.07 Тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (ж/ж) (маусым)	EUR	5,5	6,1
19.07 Шикі мұнай қорлары	USD	-0,905M	5,946M
20.07 Жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға бастапқы өтінімдер саны	USD	243K	237K
21.07 Пайыздық мөлшерлеме бойынша шешім (шілде)	RUB	8,00 %	7,50 %

Анықтама: Күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптаның экономикалық неғұрлым маңызды оқиғалары

В – миллиард
М – миллион
К – мың

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

	Мәні	Күні	Алдыңғы ай
Жылдық инфляция	14,6%	01.07.23	15,9%
ҚРҰБ жалпықлттық резервтер, млрд USD	34,5	01.07.23	35,5
Ақша базасы, млрд KZT	10 440,8	01.07.23	9 654,0
Ақша масса, млрд KZT	33 980,6	01.07.23	33 980,6

Қазақстанның несие рейтингі

	Рейтинг	Күні	Алдыңғы
	BBB-/A-3 әлсіз	03.03.23	BBB-/A-3 негативті
	Вaa2/әлсіз	11.08.21	Вaa3/позитивті
	BBB/әлсіз	26.05.23	BBB/әлсіз



"Қазақстан қор биржасы" АҚ

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы,
050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ
"Almaty Towers"

Тел.: +7 (727) 237 53 00



Корпоративтік веб-сайт



Бізбен байланысыңыз



**Листингілік компаниялардың
корпоративтік оқиғалар
күнтізбесі**



Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі. KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл, дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді.

KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар.
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламан жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап.
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған.

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.

Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.